



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

«АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТЫҢ» ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНДАҒЫ АСПЕКТІ

Тәуірбай А.Ә.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Оразбаева Д.Е

Қазіргі қоғамда белең алып келе жатқан күрделі саяси ахуалдардың бірі – ақпараттық соғыс. Ақпараттық соғыс теориясының шығу тегі өзіндік бір сипатқа ие жасырын күйінде болып келеді. «Ақпараттық соғыс» термині ең алғаш XX ғасырдың басында АҚШ әскери қызметкерлерінің арасында кеңінен қолданысқа ие болды. Ақпараттық соғыс терминің ағылшын тілінен (information war¹) аударғанда екі түрлі мағынаға ие болады.

Оның біріншісі: басқа мемлекеттің әлеуметтік қоғамына немесе әскери қызметкерлерінің арасында белгілі бір ақпаратты өз мүддесіне сәйкес психологиялық немесе социологиялық жағдайларға байланысты манипулятивтік жолмен тарату. Аударманың екінші мағынасында «information and psychological warfare»² [1] ақпараттық соғыс терминің ақпараттық арпалыс контекстінде психологиялық соғыс мағынасымен сипаттайды. Қазірде осы терминологиялық ұғымнан үлкен бір ғылым саласының даму процесі жүріп жатқан секілді. Себебі ақпараттық соғыс материалдық және интеллектуалдық салаларда қандай да бір ұтыс алу мақсатында бір-бірінің ақпараттық ресурстарына белсенді ақпараттық ықпал жүргізетін қарсыластардың қалпына айналып келеді.

Тарихқа көз жүгіртсек осы күнге дейін әлемде екі дүние жүзілік соғыс орын алды. Ал қазірде көптеген саясаттанушы, социолог ғалымдар XX ғасырдың бел орта шенінен әлемде үшінші дүниежүзілік соғыстың басталып кеткендігін хабарлайды. Оған дәлел бүгінде жиі қолданылатын «ақпарат кімнің қолында болса сол әлемді билейді» [10] деген тіркестің жиі қолданылуы болса керек. Қазірде ақпарат БАҚ құралдарымен құлаққа кіріп, санаға сіңген кішігірім қоғамда, мемлекетте, тіпті тұтастай әлемде қаруы жоқ соғыстың өршуіне себепкер болатынын сезе бермейміз. Осы ғылыми жұмысты жазудағы басты мақсатым - «ақпараттық соғыс» теориясын қазіргі әлеуметтік қоғамда, ақпараттық толқын арасында өмір сүріп жатқан - жеке тұлғаларға ғылыми тұрғыдан социологиялық біркелкі ұлттық негізімізді дезинформаторлық манипулятивтік шабуылданып жатқандығын хабарлау.

Қазіргі қазақ қоғамының жас буының ақпараттық шабуылдарға тойтарыс беруге қабілетті, ұлттық тіл мен менталитетті дәріптейтін жаңа когорттық деңгейде құру. Бұл жоба батыс пен шығыс саясатын тең ұстай отыра Орталық Азияның ақпараттық соғысқа тойтарыс берудегі жаңа саяси стратегиясының бастамасы болмақ деген ойдамын. Ақпараттық соғыс «жұмсақ соғыс» пен халықаралық соғыстардың жаңа түрінің анық көзге түсетін қырларының бірі. Ақпараттық соғыс бейбіт жағдайда да елдер арасында бейресми түрде жалғасын тауып, әр мемлекет саяси мақсатына жету үшін мүмкіндігінше бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы өз мүддесін жүзеге асырады. Ақпараттық соғыс тасқынына ұшыраған адамдардың өздері де соның демінде өтіп жатқан ауыр соғыстың бар екендігінен хабарсыз болулары мүмкін. Ақпараттық соғыстың мақсаты, ақыр соңында, үкіметтердің іс-қимылдары мен әрекеттерін өзгерту болғанымен, үкіметтерді тікелей нысанаға алудың орнына елеулі түрде халықтарды нысанаға алады. Ақпараттық соғыстың ең іргелі анықтамасы төмендегідей: нысанаға алған елді әлсірету үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану; бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндігі мен әлеуетін баспасөз, ақпарат агенттіктері, радио, теледидар, интернет және үгіт-насихат негіздерінен тұратын ұлттық мүдделерді қорғау мақсатында қолдану. Бүгінде мемлекеттердің ұлттық күш-қуаты аясында қуатты әрі белсенді құралға айналған БАҚ-тың ықпал ету аймағы ақпараттарды жариялаумен шектелмейді, сонымен қатар БАҚ-тың күші нысанаға алынған елдің ішкі саясатына, тіпті биліктің ауысуына ықпал етуге дейін жетіп отыр. Ақпарат құралдары бір елдің ішкі істеріне араласу мақсатында ерте замандардан бері қолданылып келді. Уақыт өте келе және БАҚ

иелерінің кәсібиленуі мен сондай-ақ халықаралық баламалардың шиеленісе түсуіне байланысты БАҚ көбірек нәтижеге жеткізетін құрал ретінде қолданылатын болды. Бүгінде саяси мақсаттарына жету үшін елдердің ішкі істеріне араласу БАҚ-тың ажырамас бөлігіне айналды. Ақпараттық соғыс қазіргі қоғамда француздың ұлы жазушысы О.Бальзак айтқандай «төртінші билік»¹ теориясының негізінде жұмыс атқарып келеді. ХХІ ғасыр, ақпараттық ғасыр аталуының өзі де бекер емес. Себебі осы ғасырда ғана ғаламдық ақпараттық соғыс әлемдік арена да саяси қуатқа ие болды. Енді елді мойнына қару асынып үстіне сауыт киген жауынгерлер емес керісінше қолына микрофон, иығына камера асынған журналисттер мен БАҚ өкілдері қорғамақ.

Жалпы, «ақпараттық соғыс» термині ХХ ғасырдың ортасында алғаш Америкада әлемдік өктемдікке қол жеткіземіз деген теріс ниеттен пайда бола бастады [2]. Десекте ақпараттық соғыс теориясы сонау орта ғасырлық кезеңнен қалыптасып заман талабына сай жаңарып жаңа ортаға жаңа қоғамда өзіндік ерекше сипатқа ие болып келе жатқан қай халықтың болмасын менталитетінде бар үрдіс. Адамзат баласы қалыптасып өмір сүріп келе жатқаннан бастап әр адамның өміріне, өмір сүруге деген стимулдық негіз беретін ол, өзгелерден ерекше айқын бейнеге ие болу. Ал адамның айқындық айнымас бейнесін қалыптастыруда билік ерекше рөл атқарады. Ал қазірде әлемді кім билейді деген ерекше пікірталас алаңы қалыптасқан. Әлемді ақша да, билік те, тіпті ғалым да билегісі келеді. Алайда мен көптеген тұжырымдамаларды зерттей келе әлемді ақпарат билейді деген тұжырымға келіп тоқталдым. Енді осы тіркесті ХVIII ғасырға сәйкестендіріп көрелік, әлемнің тең жартысын жаулаған Наполеон «Информирован значит вооружен» [2] деп айтып кеткен екен. Мұның барлығы әлеуметтік ортада жеке философиялық ойын қалыптастырған адамға айтпай ақ та түсінікті деп ойлаймын. Ал енді тарихи нақты ғылыми тұрғыдан қарар болсақ «ақпараттық соғыс» даму кезеңі сонау ХVI ғасырдан бастау алады. Ақпаратты тарату ең алғаш жаңалықтарды жазып архивациялық негізде қолжазбаларды сақтаудан бастау алды. Менің ойымша ақпараттық агитативтік жүйе газеттің шығуы мен тікелей байланысты. Ең алғаш газет көне Римде Юлий Цезарьдің тұсында пайда болды [5]. Оның заңды атауы газет емес қолжазба негізінде жарияланды. Ал атауы «*Acta diurna populi romani*»¹ италиян тілінен аударғанда «Рим халқының күнделікті жұмысы» деген мағынаны береді. Қолжазба ішінде сенат мәжілісінің мәлімдемесі, күнделікті халықтың тұрмыс тіршілігі, сонымен қатар Цезарьдың халыққа жолдауы жарияланып тұрды. *Acta diurna populi romani*-дің ел ішіндегі ықпалын б.з.д 49 жылы Римде орын алған азамат соғысын басудағы стратегиялық маңызынан біле аламыз. Азамат соғысын басу үшін ел ішінде патрицилер мен плебейлер баспа сөз арқылы халыққа оларды (патрицилер мен плебейлерді-авт) қолдаса, халыққа жер бөліп беретіндігі жөнінде хабарланған. Міне осылайша Римде бір тұтас азамат соғысын баспа сөз арқылы басып отырған. Ал Қытайда баспасөз бұдан да ертерек пайда болды. Әлемдегі ең алғаш, әрі ең көне заңды газет тұлғасында жарияланған ол VIII ғасырдағы «Ордалық хабаршы»² газеті болып табылады.

Біз жоғарыда БАҚ саласының аса маңызды қарқынды жұмыс жүргізілетін төрт майдан даласына тоқталып кеттік. Ал енді жалпы БАҚ институтының Қазақстандағы ахуалына сәл тоқтала кетер болсақ, көңіл қуантарлық жағдайда емес деген пікірдемін. Онын дәлелі: Вашингтондағы Freedom House¹ мемлекеттік емес ұйымның зерттеуіне қарағанда Қазақстан БАҚ тәуелсіздігі жоқ халықтар қатарына кіреді екен. Рейтинг бойынша біздің ел 175-ші орында тұр. Зерттеуге барлығы 197 ел қатысқандығын ескерсек, еліміздегі ақпарат құралдарының халінің мүшкіл екендігін мойындамауға лажың қалмайды [9]. Ақпарат және байланыс министрлігінің 2011 жылғы мәлімдемесіне сәйкес Қазақстанның ақпараттық кеңістігінде 2 740 БАҚ бар екені белгілі болды, және де ең қызығы оның 84% мемлекеттік емес болып шықты. Ал осы тұста айта кететін жайт: мемлекет жылына БАҚ тапсырысы бойынша мемлекеттік қаржыдан БАҚ үлесіне 25млрд теңге қаржы бөледі. Ал сонда сол қаражат қайда кетеді? Міне осындай мемлекет тарапынан бірнеше құйтырқы жеке тұлғаға түсініксіз сұрақтар әлі күнге дейін өз жауабын таппай келеді. Қазақстандық телекөрсерменнің 55% [10] Ресей БАҚ-ның ықпалында. Ал, еліміздегі басылымдарды сарапқа салу

тәуелсіздігімізден түңілуге алып келеді. Неге десеніз, орыс тілді басылымдардың қасында қазақ тілді басылымдар теңіздің тамшысындай... Қарапайым ғана мысал, еліміздегі БАҚ санының тек қана орыс тілінде шығатын үлесі 35 % [10], ал тек қана қазақ тілінде таралатын БАҚ үлесі 18%, екі тілдегі көрсеткіш 35 % құрайды. Қалған бөлігі басқа тілді болып келеді. Бұл есепке Ресейден ағылатын 5000-нан астам газет-журналдарды қоса беріңіз... Ресейдің «Труд», «Комсомольская правда», «Московские новости», «Новая газета», «АиФ»² сияқты басылымдары қазақстанда қосымша шығарып, сол арқылы өз мүдделерін қорғауға барын салуда. Ол аздай қазақ телекөрсермендерінің санасын улап жатқан шетелдік телеөнімдер эфирлерден үзбей беріліп жатады. Қазақстандық «31-арна» акциясының 20 пайызын «СТС Медианың» қолына өтіп кетті [6]. Одан өзге ұлттық менталитетімізге жат, бұрыс тәрбиеге итермелейтін анайы бағдарламалар мен фильмдер біздің ақпараттық кеңістігімізде жеткілікті.

ҚБТУ-дың профессоры, лектор Леонид Пухович ақпараттық қауіпсіздікті сақтау туралы мынадай жөні тузу ой айтады: «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі мемлекеттік тілдің еліміздің барлық саласында, оның ішінде БАҚ-та қолданылуында жатыр [14]. Бұл бағыттағы жұмыстар мемлекеттік қызметкерлерді қазақ тіліне оқыту және елімізде қазақ тілді БАҚ-тың үлесін арттырумен бір мезетте жүргізілуі тиіс. Мемлекеттік тілді оқып, оны үйреніп жатқан халықтың барлық деңгейін электрондық БАҚ-тар қолдап отырса, онда бұл мақсатқа әбден жетуге болады». Әрине, бұл ғалымның пікірін қазақтілді сарапшылар да айтып жүр. Шынында, Қазақстан тәуелсіз саясат жүргізгісі келсе, оның ішінде ақпараттық армиясын күшейтемін десе, осындай ұсыныстар мен ойларды қолдауы керек. «Ақпараттық қауіпсіздік» кез келген мемлекеттің егемендігінің аса маңызды элементінің бірі болып саналады. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы ақпараттық қауіпсіздікті күшейту жөнінде жоғарыда қаралған шараларды асықпай және абайлап жүзеге асыру керек. Ақпараттық қауіпсіздігімізді сақтаудың бір ғана жолы, БАҚ-та мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту болып табылады.

Қазірде Европалық алдыңғы сатыдағы мемлекеттер бір жылдық экономикалық жоспарларына мемлекеттің сыртқы ақпараттық қауіпсіздігіне жұмсалатын қаражатты да қосатын болған екен. Мысалға алар болсақ Германия 84млн еуро, Швеция 54млн крон, Польша 48млн еуро, Ресей 72млрд рубль көлемінде қаражат жұмсайды екен.

Қазақстан республикасының 2050-Мәңгілік ел стратегиялық жоспарындағы жеті айқын басымдылықтың бірі ҚР-дің сыртқы қауіпсіздігі, соның ішінде республиканың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2015жылға мемлекет қаржысынан 17млрд көлемінде қаржы бөлінген екен. Оның 27,5пайызы ұлттық медиа холдингке, 33,5 пайызы публицистикалық БАҚ өкілдеріне, ал қалған үлес пайышдар жалпыға бірдей Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатындағы ұлттық жобаларға жұмсалады.

Қазірде саясат әлемде ұшы қиыры жоқ шыңмен тең деп ойлаймын. Француз жазушы О.Бальзактың айтып кеткен «БАҚ төртінші билік» деген сөзі әлеуметтік ортада болып жатқан саяси ахуалдың дөп үстінен түскендей. Ғылыми жұмыстың өзектілігі «ақпараттық соғыс» теориясы басқа батыс елдерімен мұсылман мемлекеттеріндегідей үлкен саяси ахуалды тудырмауы. Әрине ондай жағдайдың болмағаны жақсы болар еді. Алайда қазірде Қазақстанда ақпараттық соғыстың астыртын даму процестері жүріп жатқан секілді. Мұның мысалы ретінде соңғы бесжылдықта орын алған еліміздің батыс өңіріндегі діни-экстремисттік оқиғалар мен ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтің 2012 жылғы жарлығына сәйкес БАҚ шектеу қойылуы деп ойлаймын.

Тәуелсіз Қазақ елі мен оның болашағының жарқын болуы үшін қазақ жастарының ақпараттық қауіпсіздігі мемлекет тарапынан қарастырылуы керек деп ойлаймын. Мақала негізінен саясаттану ғылымында ешқандай нақты жаңалықтың ашылғандығын хабарламайды. Тек біз мән бере қоймайтын қоғамдағы астыртын саясатпен оны жүргізудің психологиялық жолдарын ашып баяндайды. Соның нәтижесіндегі әлеуметтік ортадағы статистикалық зерттеу жұмыстарымен жобаның маңызы бекітілген. Ғылыми зерттеу жұмысы ақпараттық соғыстың тарихы мен психологиялық деңгейін ғана емес, сонымен қоса

қазіргі әлеуметтік қоғамдағы жеке тұлғаның ақпараттық соғысқа деген көзқарасы сарапталды. Социологиялық сараптамалар нәтижесі бүгінде Қазақ елінде ақпараттық соғыстың бар екендігі және де оның басты алаңы қазақ тілінің қолданыс аясын шектеу мен ұлттық менталитетке моральдық тұрғыдан әсер ету екендігін тұжырымдады деген ойдамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вепринцев В. Б., Манойло А. В., Петренко А. И., Фролов Д. Б. Операции информационно-психологической войны: краткий энциклопедический словарь-справочник. — 2-е изд., стереотип. — М. - Телеком, 2011. — 495 с.
2. Гриняев С. Н. Информационная война: история, день сегодняшний и перспектива3) Панарин И. Н. Информационная война, PR и мировая политика. — М.: Телеком, 2006. — 264 с.
3. Данилова А. А. Манипулирование словом в средствах массовой информации. — М.: Добросвет, КДУ, 2009. — 234 с.
4. Денис Борн. Интернету — 40 лет. Как всё начиналось, Изд. эксмо 2007
5. Институт социологии РАН, 1999, Архивные данные 2005-2009гх
6. Князев А. А. Информационная война // Энциклопедический словарь СМИ. — Бишкек: Издательство КРСУ, 2002.
7. Почепцов Г. Г. Информационные войны в бизнесе и политике. — К., 1999.
8. Терин В.П. Массовая коммуникация (исследование опыта Запада). М.:
9. «Four Freedoms Laureates 2012» — статья на сайте Roosevelt Institute
10. BAQ.kz| Өз елім газеті/ Әлемді ақпарат билейді/ Жұқасары Айбалта
11. Панарин И. Н. Информационная война, PR и мировая политика. — М.: Телеком, 2006. — 264 с.
12. Панарин И. Н. Информационная война и дипломатия. — М.: Издательство «Городец», 2004. — 528 с.
13. Панарин И. Н., Панарина Л. Информационная война и мир. — М.: Издательство «Олма-Пресс», 2003. — 384 с.
14. Панарин И. Н. Технология информационной войны. — М.: Издательство «КСП+», 2003. — 320 с.
15. Почепцов Г. Г. Информационные войны. Основы военно-коммуникативных исследований. — М., К.: «Рефл-бук», «Ваклер», 2000. — 576 с. Почепцов Г. Г. Информационные войны. Новый инструмент политики. — М.: Алгоритм, 2015. — 256 с.
16. Прокофьев В. Ф. Тайное оружие информационной войны: атака на подсознание . 408 с.

ОӘЖ 1(091)128

АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ «ЖЕРҰЙЫҚ» ИДЕЯСЫ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ БІРІ

Төле Фариза Хасанқызы

farizzzz@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
Философия мамандығы 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Уксукбаева М.Т.

«Мәңгілік ел» идеясының тарихи негіздері 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауын: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол -